



**АСТАНА**

**АҚШАМЫ**

## ТЕАТРЛАРДЫҢ ТОЛАЙЫМ ТАБЫСЫ

Осы аптада Талдықорған қаласында өткен Орталық Азия мемлекеттерінің «Қазақстан – Еуразия жүрегі» атты VI халықаралық фестивалінен Астананың қос театры олжалы оралды. А.Чеховтың «Шие бағы» комедиясымен қатысқан Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры бас жүлдені және У.Шекспирдің «Асауға тұсау» қойылымын ұсынған Жастар театры бірінші орынды жеңіп алды.



Биылғы жаңа маусымды бұл өнер ұжымдары толайым табыстармен бастады. Артта қалған қыркүйек айында Ақтөбеде ұйымдастырылған XXIV республикалық театр фестивалінде қаллекиліктер де, жастарлықтар да қойған қойылымдар ең үздік спектакльдердің қатарынан көрінді. Қ.Қуанышбаев театрының мерейін онда да «Шие бағы» комедиясы өсірді. Ал Жастар театры Ж.П.Пило мен О.Шультездің «Моцарт» мюзиклімен топтан озды. Сондай-ақ, жастарлықтар Беларусь Республикасында өткен «Белая вежа» XXI халықаралық театр фестиваліне Шыңғыс Айтматов пен Әбіш Кекілбайұлының «Шыңғысхан» әфсанасымен қатысып, «Ең әсерлі қойылым» аталымының жүлдесін иеленген еді.

## МЕРЕЙТОЙЛЫҚ ЖЫЛДА ӨСКЕН МЕРЕЙ

Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры – ел тәуелсіздігінің төл құрдасы. 1991 жылдың 15 қарашасында Ғабит Мүсіреповтің «Ақан сері-Ақтоқты» драмасымен шымылдығын алғаш ашқан ұжым өзінің бірінші жеңісіне 1996 жылы қол жеткізіп, Уфа қаласында өткен Түркітілдес мемлекеттер арасындағы халықаралық «Туғанлық» театр фестивалінде Ш.Хұсайыновтың «Алдар Көсе» музыкалық комедиясымен

лауреат атанды. Театрдың алғашқы жеңісі өнер ұжымының негізін қалаушы режиссер Жақып Омаровтың есімімен тікелей байланысты. Қаллекиліктер Талдықорғанда түбі бір түркітілдес халықтары арасында өнерімен суырылып шығып, Жақып Омаров, Әзербайжан Мәмбетов, Қадыр Жетпісбаев сынды театрға әр жылдары жетекшілік еткен режиссерлердің әруақтарын риза қылған шығар деп ойлаймыз.

Кеңес одағының халық әртісі, ҚР Халық қаһарманы Әзербайжан Мәмбетов театрға жетекшілік еткен кезеңде, 1999-2009 жылдар аралығында қаллекиліктер түрлі халықаралық байқауларда үлкен табыстарға жетті.

Жастар театры биыл Х мерейтойлық маусымды ашқан болатын.

Жастарлықтар өнер әлеміне Беларусь халқын әсерлендірген «Шыңғысхан» әфсанасымен қадам басты. Бұл ұжымды түрлі жеңістерге театрдың көркемдік жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрканат Жақыпбай жетелеп келеді. Жаңа маусымда табыс әкелген «Моцарт» мюзиклінің де, «Шыңғысхан» әфсанасының да қоюшы режиссері Нұрканат ағамыз. Кейінгі жылдары шебер режиссер осы өнерге шәкірттерін де баулып жүр. Мәселен, театрдың дарынды әртісі Дәурен Серғазин осы күндерге дейін бірнеше қойылымды сахналап үлгерді.

## ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА ҮЗДІК АТАНДЫ



Орталық Азия мемлекеттерінің VI Халықаралық театрлар фестиваліне келсек, оған Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан, Татарстан және Өзбекстанның үздік ұжымдары қатысты.

Қаллекиліктерге бас жүлде әперген «Шие бағы» комедиясын Якутияның еңбек сіңірген өнер қайраткері, Ресейдің ұлттық театрларының арасында өтетін «Золотая маска» сыйлығының иегері Сергей Потапов сахналады. Ал режиссерлік шешіммен ерекшеленген қойылымдағы мақсатты басты рөлді сомдаған актриса, «Золотой Витязь – 2015» халықаралық театр фестивалінің алтын диплом иегері Ақмарал Танабаева,

Қаллеки театрының белді әртістері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Кеңесбай Нұрланов, Нұркен Өтеуілов, ҚР «Дарын» мемлекеттік

Жастар сыйлығының иегері Сырым Қашқабает және Айман Аймағамбет, Дастан Әлімов, Шах-Мұрат Ордабаев, Айшолпан Ибраева, Алтынгүл Серкебаева, Жұлдыз Исакова сынды актерлер мен актрисалар жүзеге асырды. Бұл қойылымнан Қаллеки театрынан Алматыдағы М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрына ауысқан Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қуандық Қыстықбаев та көрінді. Ал олармен құйрық тістесіп келген жастарлықтардың қойған туындысы – «Асауға тұсау» комедиясы классика мәңгілік екенін тағы көз жеткізді. Алдағы қараша айында Астанада республикалық театр фестивалінің ұйымдастырылуы жоспарланып отырғанын айта кетейік. Онда да астаналық театрлар табысқа жететініне сенімдіміз. Ал Талдықорғандағы жетістік – қос ұжымның тәуелсіздіктің 25 жылдық мерейтойына тамаша тарту болды деп ойлаймыз.

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**